

БЕКІТІМНІ
«Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті» КеАҚ
басқарма төрағасы, ректор
А.М. Наметов
« 28 » 08 2025 ж.







ӘСКЕРИ КАФЕДРАСЫНЫҢ МЕХАНИК-ЖҮРГІЗУШІНІҢ

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

СМЖ.07.ЛН.124

№ 00 басылым

№ ____ дана

Дайындалды: 26.08.2025	Келісілді: 27.08.2025	Енгізілді: 29.08.2025
Досмухамбетов Р.К. 	Губашев Н.М.  Байдалиев К.А.  Алмагамбетова М.Ж.  Ундаганова А.Г.  Ихсанов Е.Б. 	Аллашқы рет орнына Қайта қаралуы: 29.08.2025

Мазмұны:

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттамалар

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

1. Бағыты

Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі», Қазақстан Республикасының «Білім туралы», ҚР Қорғаныс министрінің бұйрықтары «ҚР жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы жанындағы әскери кафедраның әскери лауазымына тағайындау», «ҚР жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары жанындағы әскери кафедра профессор-оқытушы құрамы лауазымдарының біліктілік сипаттамасы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңдарына және Запастағы офицерлер мен запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери дайындық қағидаларына сәйкес дайындалды.

2. Қолданылуы

Бұл нұсқаулық әскери кафедраның механик-жүргізушісіне арналған.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1. Әскери кафедраның механик-жүргізушісі міндетті:

3.1.1. Күндіз-түні әр түрлі жол жағдайларында және кез-келген ауа-райында көлік жүргізуді жүзеге асыруға, айналадағы жол жағдайын мұқият бақылауға, апаттық жағдайдың туындауын болдырмайтын қозғалыс жылдамдығы мен қашықтықты таңдауға;

3.1.2. Әскери кафедра басшылығының нұсқауы бойынша қару-жарақ пен әскери техниканы қолдана отырып өткізілетін практикалық сабақтарға қатысуға, оқытушыларға оларды жүргізуге көмек көрсетуге, сабақта қолданылатын құралдарды пайдалану ережелері мен қауіпсіздік шараларының сақталуын бақылауға;

3.1.3. Әскери кафедраның материалдық бөлігін, қару-жарақты, әскери және басқа да техниканы пайдалану қағидаларын білуге, автомобильдерді қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету бойынша қажетті жұмыстарды өз бетінше орындауға (пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес), оларға уақтылы техникалық қызмет көрсетуге және маусымдық пайдалану режиміне ауыстыруды жүргізуге;

3.1.4. Бекітілген автокөлікті жарамды, қызмет көрсетілген күйде, арналуы бойынша пайдалануға тұрақты дайындықта ұстауға;

3.1.5. Қару-жарақтың, әскери және басқа да техниканың, оқу материалдық-техникалық базасының сабаққа дайындығын, сондай-ақ олардың бар-жоғын, жай-күйін және сабақтан оралғаннан кейін толықтығын тексеруге;

3.1.6. Әскери кафедра аумағынан шығар алдында автокөліктің техникалық жай-күйін тексеруге, қозғалыс барысында бақылау өлшеу аспаптарына бақылау жүргізуге;

3.1.7. Әскери кафедраның оқу материалдық-техникалық базасын жетілдіруге шаралар қабылдауға, барлық қажетті сабақтарды қамтамасыз етуді ұйымдастыруға;

3.1.8. Әскери кафедрада оқитын студенттерден қауіпсіздік шараларын, әскери тәртіпті, күн тәртібін және қызмет уақыты регламентін сақтауды талап

етуге, кафедра бастығына әскери тәртіпті бұзу, оқиғалар мен бұзушылықтар туралы, сондай-ақ қабылданған шаралар туралы дереу баяндауға;

3.1.9. Автокөліктің ақаулары туралы әскери кафедра бастығына баяндауға және оларды жою жөнінде дереу шаралар қабылдауға;

3.1.10. Әскери кафедра аумағынан шығарда, автокөліктің және ондағы мүліктің сақталуы бойынша шаралар қабылдауға, әрдайым автокөліктің жанында болуға және әскери кафедра бастығының рұқсатынсыз оның тұрған орнын өзгертпеуге;

3.1.11. Жанар-жағармай материалдары мен арнайы сұйықтықтардың артық шығындалуына жол бермеуге, оларды үнемдеуге қол жеткізуге;

3.1.12. Автокөлік жүргізу кезінде әрдайым жүргізуші куәлігі, жол (маршрут) парағы, тіркеу және басқа да белгіленген құжаттардың болуы;

3.1.13. Жол парақтарын уақытында рәсімдеуге және әскери кафедра бастығына тапсыруға;

3.1.14. Кезекшілік кестесіне сәйкес кафедрада кезекшілік атқаруға;

3.1.15. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілерінің әскери киім нысанын киіп жүру және айырым белгілерін тағып жүру қағидаларының талаптарына сәйкес әскери киім нысанын киіп жүруге.

3.2. Бағыныштылығы:

3.2.1. Әскери кафедраның механик-жүргізуші лауазымына басқарма төрағасы - ректордың бұйрығымен тағайындалады және босатылады;

3.2.2. Әскери кафедраның механик-жүргізушісі тікелей әскери кафедра бастығына бағынады.

3.3. Әскери кафедраның механик-жүргізушісі білуі қажет:

3.3.1. Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің бұйрықтарын және басқа да кафедраның қызметін реттейтін нормативті-құқықтық актілерді;

3.3.2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін;

3.3.3. Кафедраның қызмет бағыты, бейіні және мамандануын;

3.3.4. Университеттің құрылымы мен штатын;

3.3.5. Жол қозғалысы ережелерін;

3.3.6. Қауіпсіздік техникасы ережелерін білуі және нұсқамалар өткізуі;

3.3.7. Бекітілген автокөлік құрылғысын және оны жарамды күйде ұстауды;

3.3.8. Осы лауазымдық нұсқаулықты;

3.3.9. Университеттің Жарғысын, ішкі тәртіп Ережелерін және орындалатын жұмыс мәселелері бойынша ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттарды;

3.3.10. Еңбек қорғау ережелері мен нормаларын, қоршаған ортаны қорғау ережелерін, өрт қауіпсіздігі техникасын.

3.4. Біліктілік талаптары:

3.4.1. Көлік жүргізу құқығы (B,C, D, E санаттары (тіркемемен жүру кезінде)) және кемінде 3 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс;

3.4.2. Әскери кафедраның механик-жүргізушісінің құзыретіне кіретін барлық мәселелерді толық білуі тиіс;

3.4.3. Мемлекеттік тілді іскерлік деңгейде білуі.

4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі

4.1. Әскери кафедраның механик-жүргізушісі жауапты:

4.1.1. Осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген лауазымдық міндеттерін тиісінше орындағаны немесе орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде анықталған нормалар шегінде;

4.1.2. Өз қызметін жүзеге асыру барысында жасалған құқық бұзушылықтар үшін - Қазақстан Республикасының әкімшілік, қылмыстық және азаматтық кодекстерінде анықталған нормалар шегінде;

4.1.3. Материалдық залал келтіргені үшін - Қазақстан Республикасының еңбек, қылмыстық және азаматтық кодекстерінде анықталған нормалар шегінде.

4.2. Әскери кафедраның механик-жүргізушісі өкілетті:

4.2.1. Өзінің қызметіне қатысты сұрақтар талқыланатын және шешілетін кафедраның барлық бөлімшелерінің жұмыстарына қатысуға.

4.3. Әскери кафедраның механик-жүргізушісі құқылы:

4.3.1. ЖОО-ның басшылығымен өзінің лауазымдық міндеттерін орындауға қажетті жағдаймен қамтамасыз етілуге;

4.3.2. Кәсіби біліктілік деңгейін арттыруға;

4.3.3. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын алуға;

4.3.4. Кәсіби абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;

4.3.5. Қызмет барысындағы жетістіктері үшін материалдық және моральдық көтермелеуге.

5. Құжаттамалар

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V;

ҚР «Білім туралы» Заңы 27.07.2007 ж. № 319-111;

ҚР «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» Заңы 11.07.1997 ж. № 151;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. № 410-V;

ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңы
16.02.2012 ж. № 561-IV;

ҚР Қорғаныс министрінің «Запастағы офицерлер және запастағы сержанттар
бағдарламалары бойынша әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы»
бұйрығы 24.07.2017 ж. № 375;

«ҚР жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
жанындағы әскери кафедраның әскери лауазымына тағайындау» ҚР Қорғаныс
министрінің әскери регламентін бекіту туралы бұйрығы 17.10.2023 ж. № 1050;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ 2024-2029 жылдарға арналған даму
бағдарламасы» 08.02.2024 ж.;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» Жарғысы;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» ішкі тәртіп ережесі;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» нормативтік құжаттары.